

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**  
**Білім беру ұйымы: №5 «Алтын бесік» бөбекжайы**

**Топ: Кіші «Ақ бота» тобы**

**Балалардың жасы: 2 жастағы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 28.11-02.12.2022**

**Тәрбиешілер: Жанабекова.К.Б., Исмагамбетова.А.А.**

<b>Күн тәртібінің үлгісі</b>	<b>Дүйсенбі 28.11</b>	<b>Сейсенбі 29.11</b>	<b>Сәрсенбі 30.11</b>	<b>Бейсенбі 01.12</b>	<b>Жұма 02.12</b>
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу, смалик арқылы көңіл күйін көтеру.. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап берудағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту). Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>№1 Д\О: «Біздің балалар қайда екен?» дидактикалық ойыны.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды топ бөлмелерімен таныстыру кезінде сұрақжауап әдістерін қолданып пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру (сөйлеуді дамыту)	<b>№1 Д\О: «Жасырынған жануарларды тап»</b> <b>Мақсаты:</b> үй жануарлары туралы түсінік қалыптасады жануарларға қамқорлық танытуды біледі. <b>(шығармашылық дағдыларын дамыту)</b>	<b>№3 Д\О: «Үш аю» орыс халық ертегісін айту.</b> «Үш аю» орыс халық ертегісімен таныстыру. <b>Шарты:</b> «Ыдысты құрастыру». <b>(көркем әдебиет)</b>	<b>№4 Д\О: Қалай дыбыстайды?»</b> <b>Мақсаты:</b> жануарлардың дыбыстарын ажырата алады <b>(әлеуметтік дағдыларын дамыту)</b>	<b>№2 Д\О: Менің сүйікті ойыншығым.</b> <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ).				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету</b> ) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке</b>	Таңғы жиын. «Бала баламыз,				

<p><b>дайындық</b></p>	<p>Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз.» (көркем әдебиет) тақпағын естеріне түсіріп айту. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Үй құстары» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>				
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>Үй құстары атты мультфильм көрсету. Мультфильм желісі бойынша айтылған сөздерді қайталап айтуын үйрету <b>(сөйлеуді дамыту)</b> Кітаптардан «Ұсқынсыз үйрек» ертегісінің кітабын көрсету. Суреттерге қарап ертегіні желісін бұзбай айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын дамыту. <b>(көркем әдебиет)</b>  Бастыру әдісімен үй құстарын салдырту. <b>(сурет салу)</b></p>	<p>Тауық пен баланның суретін көрсету, сұрақтарға жауап беру аясында байланыстырып сөйлеуді үйрету Көңілді әуенге би билету. «Менің шөжегім» әніне қосылып айтуды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)</b></p>	<p>Қуыр-қуыр, қуырмаш Балапанға бидай шаш Әжеңкелсеесік аш Қасқыр келсе мықтап бас Мультфильм көру. Бірге айту, әр баламен ойнау. Сөздерін қайталап айтқызу. <b>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</b>  Үйректі бояту. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту <b>(сурет салу)</b>  Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату <b>(сенсорика)</b></p>	<p>Таңдауы бойынша үй құстарын бояту, ермексаздан мүсінін жасату, фланелеграфта бір қатарға жапсыру жұмыстарды орындауға талпындыру. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту; <b>(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)</b></p>	<p>Тауық, әтеш, балапан суреттерін көрсетіп бір отбасы екенін түсіндіру. Дауыстарын салдырту. Атауларын атау. ойын еркін әрекетін ұйымдастыру. Бір бірімен қарым қатынас жасауын қалыптастыру. <b>(көркем әдебиет)</b>  Бірдей құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдысын қалыптастыру. <b>(сенсорика)</b></p>
<p><b>2-таңғы ас</b></p>					
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Балабақша</p>	<p>Балабақша ауласын</p>	<p>Кітаптан үйрек, қаздың</p>	<p>Құрастыру</p>	<p>Үй құстарына тән</p>


	<p>ауласындағы құстарды қарау, бақылату. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату <b>(сенсорика)</b></p>	<p>таныстыру, ауа райы туралы айтып беру. <b>(қоршаған ортамен танысу)</b></p> <p>бормен еркін сурет салдырту. <b>(сурет салу)</b></p> <p>Қимылды ойын «Түсіне қарай жина» доптармен ойын ойнату</p>	<p>суретін қарау, дауысын салуын пысықтау. <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p>Аспандағы бұлтқа, жаңбыр мен желге қарауды ұйымдастыру Өзгерістерді байқауды үйрету. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>	<p>ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату <b>(құрастыру)</b></p> <p>Жапырақтармен, бұтақтарды жинап себетке салғызу Олардың ағаштан түскенін байқату. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Қ/о «Шарды ұста»</p>	<p>ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары, ) ажыратып және атай білуге үйрету</p> <p>Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың қанаттарын көрсету. Құстар ұқсап қанаттарын қағу секілді қимылдарды жасату. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b></p> <p>Еркін ойындар</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. <b>(дербес қимыл әрекеті).</b>				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілукөркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдірсу, мөлдірсуға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Жайлы тынышталдыратын музыка қойып қою <b>(көркем әрекет)</b>				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> <b>(дене жаттығулар мен белсенділігі)</b> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b>				
<b>Бесін ас</b>	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,</b>	Балалардың таңдауы бойынша ермексаздан үй құстарына арналған	Құрастыру ойыншықтарынан балапанды құрастыруды	Балалардың қалауы бойынша еркін әрекеттерді таңдауын	Дидкатикалық ойын «Бұл қай құс?» Құстардың	Кітаптарды көрсетіп, балалардың сұранысы бойынша

<p><b>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>жем жасату фланелеграфта үй құстарын тауып жапсыру дағдыларын пысықтау <b>(мүсіндеу, жапсыру)</b></p>	<p>үйрету <b>(Құрастыру)</b></p> <p>Тауықтармен балапанды жапсыруды менгерту <b>(Жапсыру)</b></p> <p>Ермексаздан құстарға жем жасату.</p>	<p>ұйымдастыру.</p> <p>Ермексаздан үйректі мүсіндеу дағдыларын жетілдіру. <b>(Мүсіндеу)</b></p> <p>Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу дербес қымыл жасауын дамыту<b>(құрастыру)</b></p>	<p>ойыншықтарын көрсету арқылы атауын атап, әңгімелеу дағдысын дамыту <b>(көркем әдебиет)</b></p> <p>Үй құстарын шашып тастап, қайта жинату. <b>(сенсорика)</b></p>	<p>ертегі оқып беру. Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін тауып, мүсінін жасау дағдыларын дамыту. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру амалдарын қалыптастыру. <b>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</b></p>
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>					
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш»</p> <p>Тастардан мұнара құрастыруды көрсетіп үйрету. <b>(құрастыру)</b> Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер</p>	<p>Қ/о «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеттері</p> <p>Саусақ бұлшықеттерін дамытуға арналған ойыншықтармен еркін ойындар ойнату<b>(сенсорика)</b></p>	<p>Қ/О «Ақ доп, қызыл доп».</p> <p>Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар</p>	<p>Үй құстарына тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (тұмсығы, қанаттары құйрығы, аяқтары, ) ажыратып және атай білуге үйрету <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b> Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»</p> <p>Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері</p>	<p>Қ/О «жүгіріп қағып ал»</p> <p>Балалардың дербес әрекеттері</p> <p>Еркін ойындар</p> <p>Құрастыру ойыншықтарынан жемістерді құрастыруды үйрету <b>(Құрастыру)</b></p>

**Балалардың үйге қайтуы**

Шалқан, бауырсақ мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру.  
Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.  
Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.



---